


**«Amanat» Сақтандыру компаниясы» Азаматтық Қоғамы**

**20.12.2018 ж.  
Директорлар Кеңесі Шешімімен  
Бекітілген  
Хаттама**




**Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері**

**Алматы қ., 2018 ж.**

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 2 / 18</p>
---	---	--	--------------------


### Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	2
2.	Сақтандыру объектілерінің тізімі	4
3.	Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы	5
4.	Сақтандыру жағдайларының тізімі	6
5.	Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері	6
6.	Шарттың қолданылу мерзімі және орны	7
7.	Шарттың бекітілу тәртібі	7
8.	Тараптардың құқықтары мен міндеттері	10
9.	Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері	13
10.	Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі	13
11.	Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	14
12.	Сақтанушыға не Сақтандырылушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері	17
13.	Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері	17
14.	Шарттың тоқтатылу жағдайлары	17
15.	Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері	17
16.	Қосымша шарттар	18

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 3 / 18</p>
---	---	--	--------------------

## 1. Жалпы ережелер

1. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес әзірленді.
2. Осы Ережеге сәйкес «Amanat» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Сақтандырушы) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерімен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шарттарын жасайды.
3. Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:
  - 1) авария - қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың бұзылуы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарылуы;
  - 2) инцидент - қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдануы, технологиялық процесс режимінен ауытқу, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;
  - 3) қауіпті өндірістік фактор - қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, инциденттер кезінде туындайтын, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіретін физикалық құбылыс;
  - 4) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіге меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа да заңды негізде иелік ететін жеке және (немесе) заңды тұлға;
  - 5) Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - қауіпті өндірістік факторының үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;
  - 6) пайда алушы - Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
  - 7) сақтандыру жағдайы-басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
  - 8) сақтандыру омбудсманы - "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
  - 9) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
  - 10) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;
  - 11) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
  - 12) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 4 / 18</p>
---	---	--	--------------------

асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

13) сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

14) сақтанушы - сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы болып табылады;


15) уәкілетті орган - азаматтық қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

16) үшінші тұлға - өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор зиян келтірілген адам.

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қызметкерлері мен иелері үшінші тұлғалар болып табылмайды.


## 2. Сақтандыру объектілерінің тізімі

4. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген оның қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүлдіктік мүддесі болып табылады.
5. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер «Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялауға жататын объектілер болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы тіркелген объектілердің тізбесін уәкілетті орган оның интернет-ресурсында орналастырады немесе республикалық мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Егер объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде объект үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупін тоқтатса, онда сақтанушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторына немесе оны алмастыратын тұлғаға өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару туралы өтінішті және объектідегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы сараптамалық қорытындыны ұсынады. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы немесе оны алмастыратын адам сараптамалық қорытындыны қарау негізінде өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару туралы шешім қабылдайды не дәлелді бас тарту береді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару сақтанушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату құқығын береді. Бұл ретте сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бөлігін иемденуге құқылы.

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 5 / 18</p>
---	---	--	--------------------

### 3. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы

6. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде құрайды:
- 1) 600 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны төрт мың адамнан асса;
  - 2) 350 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны екі мың адамнан асса, бірақ төрт мың адамнан кем болса;
  - 3) 225 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны бір жарым мың адамнан асса, бірақ екі мың адамнан кем болса;
  - 4) 115 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны жеті жүз елу адамнан асса, бірақ бір жарым мың адамнан кем болса;
  - 5) 50 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны үш жүз адамнан асса, бірақ жеті жүз елу адамнан кем болса;
  - 6) 30 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны жүз елу адамнан асса, бірақ үш жүз адамнан кем болса;
  - 7) 12 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны жетпіс бес адамнан асса, бірақ жүз елу адамнан кем болса;
  - 8) 5 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны он адамнан асса, бірақ жетпіс бес адамнан кем болса;
  - 9) 1 мың - қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны он адамнан аспайтын болса.
7. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қауіптілік деңгейіне байланысты сақтандыру сомасы мөлшерінің 0,72-ден 2,02 пайызына дейінгі шекте белгіленеді.
8. Нақты объект үшін сақтандыру тарифінің шамасы уәкілетті орган жыл сайын айқындайтын объект қауіптілігінің жалпы деңгейіне байланысты белгіленеді.
9. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру тарифі, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындаған объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ескеріле отырып белгіленеді.
- Декларациялауға және сақтандыруға жататын қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымдар қауіптілігінің жыл сайынғы жалпы деңгейі туралы ақпаратты уәкілетті орган оның интернет-ресурсында орналастырады немесе республикалық мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.
- Объект қауіптілігінің жалпы деңгейі сақталған немесе төмендеген кезде сақтандыру сыйлықақысы Ереженің осы бөліміне сәйкес белгіленген сақтандыру

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 6 / 18</p>
---	---	--	--------------------

тарифі бойынша төленеді.

Орташа салалық көрсеткіштермен салыстырғанда объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ұлғайған кезде сақтандыру тарифіне объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ұлғаюының бір пайызы үшін он пайыз мөлшерінде арттыру коэффициенті қолданылады.

Арттыру коэффициентін ескере отырып, сақтандыру тарифінің шамасы Ереженің 8-тармағында белгіленген сақтандыру тарифінің мөлшерінен аспауы тиіс.


10. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйлықақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

#### 4. Сақтандыру жағдайларының тізімі

11. Сақтандыру жағдайы деп қауіпті өндірістік фактор нәтижесінде зардап шегуші деп танылған адамдардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі танылады.

#### 5. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

12. Егер сақтандыру жағдайы төменде келтірілген салдарлардан туындаған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) Қажетті қорғаныс және төтенше жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына немесе оның пайда болуына бағытталған пайда алушының қасақана әрекеттері;
  - 2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері негіз болып табылады.
13. Сақтандыру жағдайы төмендегі себептердің салдарынан туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
- 1) әскери іс-әрекеттер;
  - 2) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер.
14. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:
- 1) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан тыс зиянды өтеу туралы кез келген талаптар бойынша;
  - 2) сақтанушының (сақтандырылушының) және (немесе) пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;
  - 3) сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу.
15. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы (сақтандырылушы) және (немесе) пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сотқа шағым жасауы мүмкін.


	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 7 / 18</p>
---	---	--	--------------------

## **6. Шарттың қолданылу мерзімі және орны**

16. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты сақтанушы бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
17. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі айдан аспайтын мерзімге жасалады.
18. Объектінің иесі қызмет мерзімі он екі айдан кем емес мерзімде жүзеге асырған кезде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қызметті жүзеге асыру мерзіміне, бірақ кемінде алты ай мерзімге жасалады.
19. Сақтандыру қорғаудың қолданылу кезеңі объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
20. Егер объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.


## **7. Шарттың бекітілу тәртібі**

21. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасында келісім-шарт нысанында, үшінші тұлғалардың пайдасына, Заңға сәйкес жүзеге асырылады.
22. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің біреуден артық иесі болған жағдайда, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру полисінде объектінің барлық иелерін сақтандырылған адамдар ретінде міндетті түрде көрсете отырып, олардың кез келгенімен жасалады.
23. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында моральдық зиянды, жіберіп алған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.
24. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (санаты) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс.
25. Сақтанушы сақтандырушыны таңдауы еркін.
26. Сақтандырушы сақтанушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.
27. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
28. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 8 / 18</p>
---	---	--	--------------------

29. Сақтанушының өтініші объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.
30. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық болмағандығының жауапкершілігін сақтандырушы көтереді. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда дау сақтанушының пайдасына шешіледі.
31. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру не сақтанушы мен сақтандырушының арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.
32. Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында санамаланған шарттардан басқа, сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері болуға тиіс.
33. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.
34. Егер сақтандырушы объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылушының) немесе үшінші тұлғаның жағдайын Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптарда жасаса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушы (сақтандырылушы) немесе үшінші тұлға алдында Заңда белгіленген талаптарда міндеттемелер көтереді.
35. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасқан кезде сақтандырушының интернет-ресурсы сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін пайдаланылады. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш берген кезде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану талап етілмейді. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.
36. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
37. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы:
  - 1) сақтанушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде дереу жіберу;
  - 2) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты сақтанушының тексеру мүмкіндігі;
  - 3) сақтанушы үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол



	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 9 / 18</p>
---	---	--	--------------------

жеткізуді қамтамасыз ете отырып, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтау;

4) сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) сақтандырушыға электрондық нысанда ақпарат (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және жіберу мүмкіндігі:

объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мәліметтерін өзгерту, қайта ресімдеу;

объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама;

келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізу;

сақтандыру төлемін алу.

Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

- 38.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде, Егер объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеген жағдайда алғашқы сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандырушы ұсынған талаптарда осы сақтандыру шарты сақтанушы жасаған болып есептеледі.
- 39.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушы Ережеде көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, осылайша оған ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растайды.
- 40.** Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын тәулік бойы жасасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
- 41.** Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

## **8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

- 42.** Сақтанушының құқықтары:
- 1) сақтандырушыдан объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;
  - 2) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз бағалаушыны тарту;

- 3) сақтандырушы жүргізген келтірілген зиянның және сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау нәтижелерімен танысу;
  - 4) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 5) Ереженің 80-82-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
  - 6) өтініш пен қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберу);
  - 7) Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі сақтандыру тәуекелін төмендетуге әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар өзгерген жағдайда (сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиян мөлшері) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап ету;
  - 8) Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.
- Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

**43. Сақтанушының міндеттері:**

- 1) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
- 2) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде бұл туралы уәкілетті органды хабардар ету;
- 3) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері және өзге де мәліметтер туралы ақпарат беру;
- 4) үш жұмыс күні ішінде сақтандырушыға және уәкілетті мемлекеттік органдарға, олардың құзыретіне қарай, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, мән-жайлардың өзгеруі туралы хабарлау;
- 5) сақтандырушыны және мемлекеттік органдарды олардың құзыретіне сүйене отырып, қызметі сақтандыру тәуекелін елеулі түрде арттыруы мүмкін үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіні жоспарлы жаңғырту және (немесе) қайта бейіндеу туралы хабардар ету;
- 6) қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерін болғызбау жөніндегі қажетті және ықтимал шараларды қабылдау;
- 7) зиян келтіргені үшін жауапты адамға кері талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

**44.** Сақтандырушының құқықтары:

1) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан Заңға сәйкес көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап ету;

2) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз бағалаушыны тарту;

3) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушіге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;

4) үшінші тұлғалардың бүлінген мүлкін және зақымдау аймағын қарауға қатысу және қарап тексеру актілеріне қол қою;

5) Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкелуі мүмкін мән-жайлар өзгерген жағдайда (сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиян мөлшері) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап ету);

6) келтірілген зиянды өтеуге байланысты қатынастарда сақтанушының (сақтандырылушының) атынан және тапсырмасы бойынша сөз сөйлеу;

7) сақтанушының (сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша пайда алушылар қоятын талап қою талаптарына қатысты оның атынан сотта іс жүргізуді өзіне қабылдау. Алайда сақтандырушының бұл әрекеттерін олардың сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін тану ретінде қарастыруға болмайды;

8) Зиян келтіргені үшін жауапты адамға кері талап қою құқығын пайдалану.

Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

**45.** Сақтандырушының міндеттері:

1) сақтанушыны (сақтандырылушыны) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру;

2) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеу;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізу;

4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиіс зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы жетіспейтін және (немесе) дұрыс

ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге хабарлау;

5) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға (пайда алушыға) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жазбаша нысанда жіберуге міндетті;

6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;

7) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беру;

8) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберу.

Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

#### 46. Үшінші тараптың құқықтары:

1) қауіпті өндірістік факторлардың олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсері нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау;

2) сақтанушының (сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды сақтандырушыға табыс ету;

3) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;

4) сақтандырушы жүргізген келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау нәтижелерімен танысу;


5) Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алу;

6) Ереженің 70-72-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;

7) өтініш пен қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберу);

8) сақтанушыға келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асып түсуі мөлшерінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою.

Белгіленген үшінші тұлғалардың құқықтары Заңда көзделген жағдайларда, Ереженің 47-тармағында анықталған өзге де тұлғаларға (пайда алушыларға) ауысады.


	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 13 / 18</p>
---	---	--	---------------------

## **9. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері**

- 47.** Сақтанушының міндеттері:
- 1) незамедлительно, но не позднее трех дней, как ему стало известно о наступлении страхового случая, уведомить об этом страховщика;
  - 2) қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсері туындаған кезде ықтимал шығындарды болғызбау немесе азайту, оның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету жөнінде қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдау;
  - 3) сақтандырушының өкіліне қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі аварияның, инциденттің туындау себептері мен өзге де мән-жайларына дербес тексеру жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
  - 4) зардап шеккен мүліктің және зақымдау аймағының (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залал мөлшеріне әсер етпесе) сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін болған түрде сақтандырушының өкілі оларды қарап тексергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қолдану;
  - 5) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы және салдары туралы, сондай - ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін қолда бар барлық ақпаратты (қажет болған жағдайда-жазбаша нысанда) және құжаттаманы беру;
  - 6) қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап арыз қойылғаны туралы өзіне белгілі болған үш жұмыс күні ішінде бұл туралы сақтандырушыны кез келген қолжетімді тәсілмен хабардар ету.

## **10. Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі**


- 48.** Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талапты сақтанушы (сақтандырылған) немесе пайда алушы болып табылатын басқа тұлға жазбаша түрде келесі құжаттарды қоса бере отырып ұсынады:
- 1) пайда алушының сақтанушы таныған зиянды өтеу туралы талаптары, келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып немесе үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды өндіріс факторы келтірген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі;
  - 2) зиянның алдын алу немесе азайту жөніндегі шараларды қабылдаумен байланысты шығындарды растайтын құжаттар (болған жағдайда).
- Өтініш берушінің өтініші бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап электронды түрде немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электронды түрде жіберілуі мүмкін. Сонымен бірге, сақтандыру төлемін электронды түрде беру туралы талап арыз берушіні сақтандырушыға сақтандырушы орналасқан жерде құжаттардың түпнұсқаларын ұсынудан босатпайды.
- 49.** Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізімін олардың қабылданған күнін көрсете отырып, екі данада анықтама жасауы

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 14 / 18</p>
---	---	--	---------------------


керек. Егер сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті электронды түрде жіберсе, сақтандырушы оған осы куәлікті электронды түрде бере алады. Өтініш беруші сақтандырушыға жеке жүгінген кезде куәліктің бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің белгісімен бірге сақтандырушыда қалады.

### 11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

- 50.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушының пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап ету құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.
- 51.** Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлға), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе жәбірленушіге (адамға зиянды өтетуге құқығы бар) келтірілген зиянды сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде шығыстарды өтеген, Заңда сәйкес сақтандыру төлеміне құқықты иемденген өзге тұлға.
- 52.** Қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы өтінішті қанағаттандыру сақтандырушы таныған қауіпті өндірістік фактор немесе сот шешімімен сақтандыру жағдайы деп танылған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы өтініштерді қанағаттандыру олардың түсу тәртібімен, ал бір мезгілде бірнеше өтініш келіп түскен кезде мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:
- 1) бірінші кезекте жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар қанағаттандырылады;
  - 2) екінші кезекте жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі;
  - 3) үшінші кезекте заңды тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян өтеледі.
- 53.** Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы аварияның, инциденттің себептерін тексеру актісінің, сот шешімдерінің және келтірілген зиянның мөлшері туралы деректерді қамтитын басқа да материалдардың негізінде айқындайды.
- 54.** Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде заңмен белгіленеді және төмендегіні құрайды:
- 1) қайтыс болған жағдайда - 1 000;
  - 2) мүгедектік белгіленген жағдайда:
    - I топ - 800;
    - II топ - 600;
    - III топ - 500;
    - «мүгедек-бала» - 500;
  - 3) мүгедектік белгіленбестен мертліккен, жарақаттанған немесе денсаулығына өзге де зақым келген кезде - амбулаториялық және (немесе) стационарлық емдеуге арналған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспайтын мөлшерде. Бұл

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 15 / 18</p>
---	---	--	---------------------

- ретте сақтандыру төлемінің мөлшері стационарлық емдеудің әрбір күні кемінде 2 айлық есептік көрсеткішті құрауы тиіс.
55. Мүлікті бүлдірген кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған мүліктің тозуын ескере отырып, оны қалпына келтіру құнының есебіне сүйене отырып айқындалады.
  56. Мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған кезде қолданыста болған орташа нарықтық бағалар мен тарифтер негізінде айқындалады.
  57. Мүлікті жою кезінде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі тозуды ескере отырып, мүліктің нақты құнын негізге ала отырып айқындалады.
  58. Мүлік, егер оны қалпына келтіру техникалық мүмкін болмаса немесе экономикалық негізделмесе, жойылды деп есептеледі. Мүлікті қалпына келтіру, егер бұл ретте күтілетін шығыстар (қалпына келтіру құны) сақтандыру жағдайы басталған күні есептелген амортизацияны ескере отырып, мүліктің нақты құнының сексен процентінен асып кетсе, экономикалық негізделмеген болып есептеледі.
  59. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде әрбір үшінші тұлғаның мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін сақтанушының (сақтандырылушының) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның өтініші бойынша сақтандырушы айқындайды. Қажет болған жағдайда келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды тәуелсіз сарапшы жүргізуі мүмкін. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда Тараптар оны дәлелдеуге құқылы.
  60. Сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға келтірілген залал (нақты залал) мөлшерінен аспауы тиіс.
  61. Әр үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі Ереженің 55-тармағында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.
  62. Сақтандырушы келтірілген зиянның мөлшерін айқындау мақсатында қосымша тексеру жүргізуге құқылы. Осыған байланысты ол аварияны, инцидентті техникалық тексеру материалдарын, зиян келтіруге байланысты мемлекеттік органдардан құжаттарды, медициналық құжаттарды, жоғалған (бүлінген, қаза тапқан) мүліктің құны, жүргізілген жұмыстардың құны, келтірілген шығындар туралы сот жүргізуге мүмкіндік беретін шоттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарды талап етуге құқылы.
  63. Сақтандыру төлемдері объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүргізіледі.
  64. Үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сақтандырушы Қағидалардың 53-тармағында көзделген тәртіппен объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады. Бұл ретте пайда алушы келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асып түскен мөлшерінде келтірілген зиянды өтеу туралы тікелей сақтанушыға (сақтандырылушыға) талап қоюға құқылы.
  65. Объектілер иелерінің бірнеше сақтандырушыда азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы сақтанушының алдында онымен жасалған шарт шегінде жауапты болады, алайда сақтанушы (пайда алушы) барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.


	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 16 / 18</p>
---	---	--	---------------------

66. Бұл ретте сақтанушы кез келген сақтандырушыдан онымен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды жабаған жағдайда, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа сақтандырушыдан алуға құқылы.
67. Келтірілген залалды басқа сақтандырушылар өтеуіне байланысты сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған сақтандырушы келтірілген шығындарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін сақтанушыға қайтаруға міндетті.
68. Келтірілген зиянды басқа тұлғалар да өтейтін жағдайларда сақтандырушы объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасы мен басқа тұлғалар өтейтін сома арасындағы айырманы ғана төлейді. Сақтанушы сақтандырушыға үшінші тұлғаларға зиянды өтеу үшін басқа тұлғалар жасаған өзіне белгілі болған төлемдер туралы хабарлауға міндетті.
69. Сақтандырушы, егер мұндай шығыстар қажет болса және (немесе) сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандыру жағдайынан болған залалды болдырмау немесе азайту мақсатында сақтанушы шеккен шығыстарды да өтеуге міндетті. Көрсетілген шығыстарды өтеуді сақтандырушы тиісті шығындар туралы актіні алған күннен бастап отыз күн ішінде, бірақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асырғаннан кейін жүргізеді.
70. Сақтанушының аталған шығыстары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтындай етіп өтеледі. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.
71. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, онда мұрагерлері болмаған кезде жәбірленушіні жерлеуді жүзеге асырған адамға сақтандырушы жерлеуге қажетті шығыстарды нақты шығындар мөлшерінде, бірақ объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде өтейді.

**12. Сақтанушыға не Сақтандырылушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері**

72. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиіс зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге хабарлауға міндетті.



	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 17 / 18</p>
---	---	--	---------------------

### **13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері**


- 73. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Қағидалардың 49-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей жүргізеді.
- 74. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 75. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді отыз күн ішінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) және (немесе) пайда алушыға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен жазбаша нысанда қабылдайды және хабарлайды.

### **14. Шарттың тоқтатылу жағдайлары**

- 76. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып есептеледі:
  - 1) шарттың қолданылу мерзімі өтсе;
  - 2) шарттың мерзімінен бұрын бұзалуы;
  - 3) сақтандырушы объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда жүзеге асырылады.
- 77. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі, талаптары мен салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.

### **15. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері**

- 78. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.
- 79. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) төмендегідей құқықтары бар:
  - сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберу, немесе
  - Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.
- 80. Сақтандырушы сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, қарайды және жазбаша жауап береді.
- 81. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда сақтандырушы сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының),

	<p>Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері</p>	<p>20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3».</p>	<p>беті 18 / 18</p>
---	---	--	---------------------

сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

### **16. Қосымша шарттар**

- 82.** Ережеде айтылмаған барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 83.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін өзгерістер нәтижесінде Ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, онда олар күші жойылады және ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Бұл ретте Ереженің жекелеген тармақтарының күшін жоғалту жалпы ережелердің жоғалуына немесе жарамсыздығына әкеп соқпайды.


**Акционерное общество «Страховая компания «Аманат»**

**Утверждены  
Решением Совета директоров  
Протокол от 20.12.2018 г.**




**Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности  
владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения  
вреда третьим лицам**

**г. Алматы, 2018 г.**

	Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения вреда третьим лицам	издание «4» от 20.12.2018 г. взамен издания «3» от 13.08.2018 г.	стр. 2 из 18
---	---	--	--------------


## Оглавление

1. Общие положения .....	3
2. Перечень объектов страхования .....	4
3. Порядок определения страховых сумм. Страховая премия .....	5
4. Перечень страховых случаев .....	6
5. Исключение из страховых случаев и ограничение страхования .....	6
6. Срок и место действия договора страхования .....	7
7. Порядок заключения договора страхования .....	7
8. Права и обязанности сторон .....	10
9. Действия страхователя при наступлении страхового случая .....	13
10. Перечень документов, подтверждающих наступление страхового случая и размер убытков .....	14
11. Порядок и условия осуществления страховых выплат .....	14
12. Срок уведомления страхователя или застрахованного о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты .....	17
13. Срок принятия решения о страховой выплате или отказе в страховой выплате ...	17
14. Условия прекращения договора страхования .....	17
15. Порядок разрешения споров, в том числе особенности урегулирования споров по обязательному страхованию .....	17
16. Дополнительные условия .....	18

	Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения вреда третьим лицам	издание «4» от 20.12.2018 г. взамен издания «3» от 13.08.2018 г.	стр. 3 из 18
---	---	--	--------------

## 1. Общие положения

1. Настоящие Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения вреда третьим лицам (далее - Правила) разработаны в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения вреда третьим лицам» (далее – Закон).
